

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 27 сәуірдегі
№ ДС-112 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Бюджеттік заңнамаға сәйкес инвестициялық жобаларды, оның ішінде қаржыландыру көздерін (мемлекеттік қарыз, мемлекеттік кепілдіктер беру, мемлекеттік кепілдіктер) жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, мемлекеттік кепілдіктер алуға үміткер заңды тұлғалар сараптама және тиісті қорытындылар алу кезеңдерінен өтетін жоба алдындағы құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздеме) әзірлейді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен тұтастай алғанда салық-бюджет саясатының, Ұлттық қорды пайдалану саясатының және мемлекеттік қарызды басқару бағыттарын көрсететін 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілді.

Тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес мемлекеттік қарызды басқару саясаты валюталық тәуекелдерді төмендетуге, бюджетке борыштық жүктеменің өсуін шектеуге, дефолттардың алдын алуға, сондай-ақ сыртқы қарыз алуды пайдаланудың тиімділігі мен тәртібін арттыруға бағытталған.

Шет мемлекеттердің үкіметтік ұйымдарынан қарыз алу елдің мүдделеріне сәйкес келетін қолайлы қаржылық-құқықтық шарттарда мемлекеттің экономикалық және стратегиялық мүдделерінің сақталуын ескере отырып қарастырылады.

Осылайша, Тұжырымдамада сыртқы қарыз саясатын ұлттық экономикалық саясат басымдықтарын есепке ала отырып жүргізу қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарызының шекті көлемін айқындау

мәселелері жөніндегі комиссия (*Ұлттық экономика министрлігінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 250 бұйрығы*) жыл сайын квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарызының шекті көлемін айқындайды.

Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарының мониторингі мен бақылауын Үкімет айқындайтын тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Сонымен бірге Үкімет квазимемлекеттік секторды одан әрі реформалау бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұл ретте тиісті іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысы*).

Реформа шеңберінде мыналар жоспарланған:

- мемлекет меншігіндегі шаруашылық және шаруашылық емес ұйымдарды ажырату, оларды жүйелеу және жіктеу;

- корпоративтік басқаруды жетілдіру;

- мемлекеттік заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке қатысу негіздерін қайта қарау.

Бүгінгі таңда елімізде квазимемлекеттік секторда 6,4 мыңға жуық ұйым АҚ және ЖШС және мемлекеттік кәсіпорындар негізінде әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда жұмыс істейді..

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің едәуір бөлігін (80%) іс жүзінде кіріс алу үшін емес, әлеуметтік салаға (*денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт*) бағытталған ұйымдар құрайды.

Жалпы басты мақсат – 2025 жылға қарай ел экономикасына мемлекеттің қатысу үлесін 14 %-ға дейін төмендету.

Бұл мәселе Үкіметтің ерекше бақылауында.

«Қазпошта» АҚ (*бұдан әрі – Компания*) қызметіне келетін болсақ, компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (*бұдан әрі – Қор*) 100 % еншілес ұйымы болып табылатынын және пошта, қаржылық, агенттік, электрондық қызметтермен айналысатындығын атап өтеміз.

Компания қарамағында Қазақстанның барлық дерлік аумағын қамтитын, әсіресе аудандық және ауылдық аймақтар деңгейіндегі елдегі ең ірі филиалдар желісі бар.

Ол заңды тұлғаларға жан-жақты қызмет көрсете отырып, Қордың компаниялар тобының жобаларын жүзеге асыруға қызмет көрсетуші банк ретінде белсенді түрде қатысады.

Компанияның ірі бюджеттік жобаларға қызмет көрсету тәжірибесі де бар.

Бұл орайда, сәтті жүзеге асырылған істердің бірі – теміржол көлігі дәлізін жаңғырту жобасы бойынша «Қазақстан темір жолы» АҚ-на техникалық қызмет көрсету.

Алынған қаражаттан кәсіпорынның кірісі шамамен 3,2 млрд. теңгені құрады.

Сонымен қатар «Магистральдық су құбыры» ЖШС (*«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны*) қаражаты «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту жобасы аясында кәсіпорынның есепшотына

орналастырылған.

Алынған қаражаттан кәсіпорынның кірісі 460 млн. теңгеден астамды құрады.

Айта кету керек, 2023 жылдың 1-тоқсанында Компанияның қаржылық нәтижесі (-5,7) млрд. теңге деңгейінде жоспарланған болатын, алайда жоғарыда аталған бағытты дамытудың арқасында Компания шығындарды азайта алды, Осылайша, қаржылық нәтиже (-0,9) млрд. теңгені құрады.

Қазіргі уақытта Компания мемлекет қаражаты есебінен қаржыландырылатын басқа да жобалар аясында банктік қызметтерді көрсетуге толық дайын.

«Ұлттық пошта операторы үшін пруденциалдық нормативтерді белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 307 қаулысына өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында екінші деңгейдегі банкте ғана емес, сонымен қатар ұлттық пошта операторының шоттарында орналастырылған банктік салым кепілін пайдалануға мүмкіндік беретін түзетулер енгізілді.

Бүгінгі күні Компания Қор құрылымындағы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар, екінші деңгейдегі банктермен (*бұдан әрі – ЕДБ*) қатар несиелеуді қоспағанда, қаржылық, агенттік және брокерлік қызметтерді көрсететін жалғыз ұйым болып табылады.

Дегенмен, Қор компаниялары қаражатының едәуір бөлігі екінші деңгейдегі банктердегі шоттарда/депозиттерде ақшаны «сақтайды».

Бұл ретте мұндай қаражатты орналастырудан түскен пайда жеке акционерлерге дивидендтер төлеуге кетеді.

Компанияға қаражатты орналастыру кезінде алынған кіріс екі-үш жыл ішінде Компания қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік шиеленісті төмендету мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ түскен пайда компанияның 80 % тозығы жеткен, дер кезінде әрі сапалы жаңғыртуды қажет ететін ауылдық жерлердегі инфрақұрылымын дамытуға жұмсалады.

Кәсіпорынның дивидендтері Компанияға жіберіліп, сол арқылы мемлекет бюджетін толықтырады.

Операциялық қызметті орталықтандыру барлық жүргізіліп жатқан операциялардың ашықтығын, қауіпсіздігін, есептілігін қамтамасыз етеді, сол арқылы барлық шоттардың мониторингіне қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Ә. Смайылов